

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина,
Р. С. Рахметова, Б. Қ. Мукеева

Қазақ тілі


БАЛАПАН

2

СЫНЫП

Оқулық

Рекомендовано
Министерством образования и науки
Республики Казахстан



Все права защищены.
Незаконное
распространение и печать
преследуются по Закону
об авторском праве (ст. 198
УК РК от 100 МРП до 7 лет
лишения свободы)

ӘОЖ 373.167.1 (075.2)

КБЖ 81.2 Қаз-922

Қ17

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова,
Б. Қ. Мукеева

Ғылыми кеңесшілер:

Өмірзақ Айтбаев — филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі,
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті

Әділ Құрманжанұлы Ахметов — филология ғылымдарының докторы,
профессор, Ресей Жоғары мектеп халықаралық ғылым академиясының
академигі, Жоғары оқу орындары Еуропалық қауымдастығы атқарушы
кеңесінің мүшесі

Қ 17 Қазақ тілі: Балапан. Оқулық: Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы
білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған (жаңартылған білім мазмұны негізінде
өңделіп, қайта жасалған). / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина және
т. б. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2017. 136 бет.

ISBN 978-601-7832-13-1
2-бөлім. — 2017. — 136 б.
ISBN 978-601-7832-15-5

ӘОЖ 373.167.1 (075.2)
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-15-5 — (2-бөлім)
ISBN 978-601-7832-13-1 — (жалпы)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2017

1

САБАҚ

ОҢ ҚОЛЫМДА – БЕС САУСАҚ

Саусақ — сауса(қ)ғы
Бармақ — барма(қ)ғы
Менің саусағым
Сенің саусағың
Оның саусағы




Жаңа сөздер

саусақ
бармақ
башпай

Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Қолда саусақ болады. Аяқта башпай болады.
Оң қолда — бес саусақ, сол қолда — бес саусақ,
барлығы — он саусақ. Оң аяқта — бес башпай, сол
аяқта — бес башпай, барлығы — он башпай.

Дұрыс айт!

саусақ
бармақ
барлығы

 **Айтылым**

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Саусақтарыңды көрсетіп айт.

Саусақ ойыны


Бірінші саусақ — атам,
Екінші саусақ — әжем,
Үшінші саусақ — әкем,
Төртінші саусақ — анам,
Кішкентай саусақ — мен!



 **Айтылым**

2-тапсырма. «Кім алғыр?» ойыны

Төменде берілген саусақтардың атын тез жаттаған оқушы жеңімпаз болады.



1. Бас бармақ
2. Балаң үйрек
3. Ортан терек
4. Шылдыр шүмек
5. Кішкентай бөбек

Жазылым

3-тапсырма. Суреттердің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Мынау — менің бес



Бұл — менің оң



Бұл — аяқтың



Ал мынау — сенің сол



Оқылым

4-тапсырма. Мәтіндегі түсіп қалған сөздерді орнына қойып оқы.

Оң қолымда — ... саусақ,
... қолымда — бес саусақ.
Барлығы — саусақ.

Оң аяқта — бес ... ,
Сол аяқта — ... башпай.
... — он башпай.

Қажетті сөздер: барлығы,
бес, он, сол, саусақ, башпай.

Кел, жаттығайық!

Бес саусағым — батырым,
Бар ғой сенің ақылың.
Сұқ саусағым — батылым,
Барлық саусақ — жақының.

Серікбай Оспанұлы



Оң қолда — бес саусақ, сол
қолда — бес саусақ. Бар-
лығы — он саусақ.
Екі аяқта — он башпай.

2

САБАҚ

ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІ

Менің көзім/құла(қ)ғым
Сенің құла(қ)ғың/тісің
Оның мұр(ы)ны/ құла(қ)ғы

Жаңа сөздер

көз
мұрын
құлақ
ауыз
тіс




Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



🎧 Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Менің атым — Әнел. Менің көзім үлкен. Құлағым кішкентай. Мұрным әдемі. Аузым кішкентай. Тісім ақ.

! Дұрыс айт!

көз
мұрын [мұрұн]
құлақ
ауыз [ауұз]
тіс

Жазылым

1-тапсырма. Суреттерге қара. Сөйлемдерді толықтырып жаз.



Аннаның әдемі.



Сашаның үлкен.



Бұл — Әлібектің



Әнелдің таза.




Менің екі бар.

Айтылым

2-тапсырма. «Кім тапқыр?» ойыны

Суретке қарап, бірінші оқушы қай мүшені айтса, екіншісі сол мүшенің нөмірін айтады. Мысалы: бірі «сол қол» десе, екіншісі «8» деп айтуы керек.



Жазылым

3-тапсырма. Төмендегі сөздерді қазақ тіліне аударып жаз.

лицо, глаз, зуб, рот, ухо, нос, голова

Айтылым

4-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, диалог құрыңдар. Онда «иә», «жоқ» сөздерін қолданыңдар.

Қажетті сұрақтар:

Сенің көзің кішкентай ма? (жоқ/үлкен)

Сенің көзің әдемі ме? (иә/әдемі)


Сенің құлағың кір ме? (жоқ/таза)

Сенің тісің таза ма? (иә/ақ/таза)

Сенің мұрның үлкен бе? (жоқ/кішкентай/әдемі)

Айтылым

5-тапсырма. Суреттерді сәйкестендір. Оларды ата.



Кел, жаттығайық!

Жағаңды кір шалмасын,
Таза болсын балағың,
Елден ұят болмасын,
Тісіңді жу, қарағым.

Ақылбек Шаяхмет



Менің көзім әдемі.
Оның мұрны кішкентай.
Сенің құлағың үлкен.
Оның аузы кішкентай.

ӘЛІБЕК, ТІСІҢДІ ТАЗАЛА!

Мен шашымды тараймын
 Сен шашыңды тарайсың
 Ол шашын тарайды
 Тісіңді тазала!



Жаңа сөздер

тара
бет

Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.

Мен күнде ерте тұрамын. Бетімді, қолымды жуамын. Тісімді тазалаймын. Шашымды тараймын. Ботқа жеймін. Шырын ішемін. Мен тазалық сақтаймын. Тазалық сақтасаң — ауырмайсың.



Айтылым

1-тапсырма. Суреттерге қара. Сөйлемдерді толықтырып айт.

Мен шашымды



.....

Мен



... жуамын.



Оқылым

2-тапсырма. Суреттердің орнына қажетті сөздерді қойып, оқы.

Жалқаубектің ... кір.



Әлібектің



... таза.



Айтылым

3-тапсырма. Сұрақтарды пайдаланып, диалог құрыңдар.

1. Жалқаубектің беті қандай?
2. Әлібектің беті қандай?



Жазылым

4-тапсырма. Сөйлемді толықтырып жаз.

Жалқаубек  тарамайды.

Әлібек  тарайды.

Әлібек тазалық сақтайды.
Жалқаубек тазалық сақтамайды.



Мен шашымды тараймын, тісімді тазалаймын. Тазалық сақтаймын!



Айтылым

5-тапсырма.

Жалқаубектің бетін жуып, шашын тарауын бұйыр.

Жалқаубек, !



... , !

4

САБАҚ

ӘНЕЛДІҢ ШАШЫ ҰЗЫН

Менің шашым, көзім
Сенің шашың, көзің
Оның шашы, көзі
Шашы қоңыр.



Жаңа сөздер

шаш
ұзын
қысқа
қоңыр

Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



а) Бұл — Әнел. Әнелдің шашы ұзын.
Бұл — Анна. Оның шашы қысқа.

ә) Бұл — менің досым, Әлібек. Оның шашы қоңыр.
Бұл — менің досым, Саша. Оның шашы сары.

! Дұрыс айт!

ұзын [ұзұн]
қысқа
қоңыр [қоңұр]
сары



Оқылым

1-тапсырма. Мәтінді оқы.

Бұл — менің досым, Әнел. Әнелдің шашы ұзын. Оның шашы қара. Бұл — менің ағам, Қанат. Оның шашы қысқа. Қанаттың шашы қоңыр. Менің шашым ұзын. Сенің шашың ұзын ба, қысқа ма?



Айтылым

2-тапсырма. «Оның шашы қандай?» деген сұраққа жауап бер.





Жазылым

3-тапсырма. Қажетті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

..... шашым ұзын. Шашымның қара. Сенің қысқа, түсі сары. Атамның шашы қысқа. Түсі

Қажетті сөздер: ақ, түсі, шашың, менің.



Айтылым

4-тапсырма. Қайсысы дұрыс?

Пілдің шашы ұзын.

Аюдың басы үлкен.

Қоянның саусағы ақ.

Мысықтың құйрығы ұзын.

Күшіктің аяғы кішкентай.

Пілдің құлағы үлкен.

Әлібектің шашы қысқа.

Кірпінің инесі қызыл.

Арыстанның тісі кішкентай.

Түлкінің көзі сары.

Кел, жаттығайық!

Ақыл орны — бас,
Бастың көркі — шаш.
Әдемілік — талап,
Күтіп ұста тарап.



Менің анамның шашы ұзын, түсі қара.
Менің досымның шашы қысқа, түсі сары.

5

САБАҚ

МЕНИҢ КӨЙЛЕГІМ ЖАҢА

Көйлек — көйле(к)гі

Менің көйле(к)гім

Сенің көйле(к)гің

Оның көйле(к)гі

Сенің көйле(к)гің қандай?

Жаңа. Ескі.




Жаңа сөздер

жейде
шалбар
бәтеңке
көйлек
жаңа
ескі

Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.

Ханзада ақ жейде, көк шалбар киеді. Ол қоңыр бәтеңке киеді. Ханзада — батыр. Ол Ханшаны жақсы көреді.

Ханша сары көйлек киеді. Оның көйлегі ұзын. Көйлегі әдемі. Ханша ақылды.

Олардың киімі таза. Тазалық — денсаулық кепілі.

Дұрыс айт!

көйлек [көйлөк]
аяқкиім [айақкйім]
бәтеңке
жаңа
ескі

Айтылым

1-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

1. Ханзада не киеді?
2. Ханзаданың жейдесі қандай?
3. Ханзаданың шалбары қандай?
4. Ханзаданың бәтеңкесі қандай?
5. Ханша не киеді?
6. Ханшаның көйлегі қандай?
7. Олардың киімі қандай?

Жазылым

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жаз.

Менің көйле(к)г...

Сенің көйле(к)г...

Оның көйле(к)г...

Менің жейде...

Сенің жейде...

Оның жейде...

Менің шалбар...

Сенің шалбар...

Оның шалбар...



Айтылым

3-тапсырма. Ескі, жаңа сөздерін пайдаланып, диалог құрыңдар.

— Көйлек қандай?

—



— Жейде қандай?

—



— Шалбар қандай?

—



— Бәтеңке қандай?

—



Оқылым

4-тапсырма. Суреттердің орнына қажетті сөздерді қойып, толықтырып оқы.

Менің
Сенің
Оның



әдемі.
әдемі.
әдемі.

Менің
Сенің
Оның



жаңа.
жаңа.
жаңа.

Менің
Сенің
Оның



ескі.
ескі.
ескі.

Менің
Сенің
Оның



жаңа.
ескі.
әдемі.



Айтылым

5-тапсырма. Не артық? ойыны

Суреттерге қарап, ненің артық екенін айтыңдар. Қай топ көп ұпай жинаса, топ жеңеді.



Менің көйлегім бар.
Сенің шалбарың бар.
Оның жейдесі, бәтеңкесі бар.

Менің көйлегім жаңа.
Сенің бәтеңкең ескі.
Оның киімі таза.

Білгенге маржан...

Жұмбақ

Қолы бар,
Саусағы жоқ
Мойны бар,
Басы жоқ.

(едйеЖ)



СЕН КҮРТЕШЕ КИЕСІҢ БЕ?

Етік — еті(к)гім

Менің еті(к)гім

Сенің еті(к)гің

Сіздің еті(г)іңіз

Оның еті(к)гі

Мен күртеше киемін

Сен күртеше киесің

Сіз күртеше киесіз

Ол күртеше киеді

Сен баскиім киесің бе?

Ол палте кие ме?




Жаңа сөздер

баскиім
күртеше
жемпір
етік
киемін
палте
белдемше

Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.

Күн суық. Мен далада ойнаймын.
Баскиім киемін. Пәлте киемін. Етік киемін.
Әлібек далада ойнайды. Ол баскиім киеді.
Күртеше киеді. Шалбар киеді. Бәтеңке киеді.
Ол ауырмайды. Оның киімі қалың.

! Дұрыс айт!

баскиім [баскйім]
күртеше [күртөше]
жемпір
етік
киемін [кйем]
пәлте
белдемше

Оқылым

1-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлемдерді толықтыр.





Айтылым

2-тапсырма. Суреттерге қарап, жауап бер.

Сен не киесің?



Әлібек не киеді?



Әнел не киеді?



Жазылым

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жаз.

Менің күртеше...

Сенің күртеше...

Оның күртеше...

Менің еті(к)г...

Сенің еті(к)г...

Оның еті(к)г...

Менің палте...

Сенің палте...

Оның палте...

Менің баскиім...

Сенің баскиім...

Оның баскиім...

Менің жемпір...

Сенің жемпір...

Оның жемпір...

Менің көйлек(г)...

Сенің көйлек(г)...

Оның көйлек(г)...



Айтылым

4-тапсырма. Түсі қандай? ойыны
Диалог құрыңдар. Дұрыс жауабы көп оқушы жеңімпаз атанады.

— Күртешенің түсі қандай?
— Күртешенің түсі көк.



— Пәлтенің түсі қандай?
—

— Көйлектің түсі қандай?
—



— Баскиімнің түсі қандай?
—

— Етіктің түсі қандай?
—



— Жемпірдің түсі қандай?
—



Айтылым

5-тапсырма. Досыңнан қандай киім киетіні туралы сұрап, диалог құрыңдар.

6-тапсырма. Досың далаға құлақшын кимей шығып, ауырып қалды. Досыңа хабарласып, денсаулығын сұра.



Сен күртеше/жемпір/етік киесің бе?

Мен күртеше киемін.
Сен белдемше киесің.
Ол етік киеді.

7

САБАҚ

ӘЛІБЕК, ЖЫЛЫ КИІН, АУЫРЫП ҚАЛАСЫҢ!

Менің мойынорағышым
Сенің мойынорағышың
Оның мойынорағышы
Мен мойынорағыш байлаймын.
Сен мойынорағыш байлайсың.
Ол мойынорағыш байлайды.
Сен мойынорағыш байлайсың ба?
Ол мойынорағыш байлай ма?

Жаңа сөздер

мойынорағыш
байла
ауырып қаласың

Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.





Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Әлібек, күртеше
ки!



Әлібек,
мойынорағыш
байла!



Анна,
жемпір ки!



Саша, бәтеңке ки!



Әнел, мойынорағыш
байла!



Әнел, тон ки!

! Дұрыс айт!

мойынорағыш [мойұнорағыш]
Сен мойынорағыш байлайсың.
Сен мойынорағыш байлайсың ба?



Оқылым

1-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.

Анна: — Әнел, сен далаға шығасың ба?
Әнел: — Иә, шығамын. Сен шығасың ба?
Анна: — Иә, мен далаға шығамын. Күн суық.
Сен не киесің?
Әнел: — Мен баскиім, күртеше, шалбар,
бәтеңке киемін. Сен не киесің?
Анна: — Мен баскиім, шалбар, пәлте,
етік киемін. Әнел, мойынорағыш
байлайсың ба?
Әнел: — Иә, мойынорағыш байлаймын.



Айтылым

2-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

1. Анна не киеді?
2. Әнел не киеді?
3. Кім мойынорағыш байлайды?

 **Жазылым**

3-тапсырма. Суреттердің орнына қажетті сөздерді қой. Толықтырып жаз.

Мен



байлаймын.

Сен



ки!

Ол



киеді.



Айтылым

4-тапсырма. Қатар отырған досыңның суреттегі киімдерді киюін бұйыр. Сосын орындарыңды алмастырып, досың саған бұйырсын.

Үлгі: Саша, күртеше ки!



Баскіім, күртеше/
етік/пәлте ки!
Сен мойынорағыш
байлайсың ба?
Мен мойынорағыш
байлаймын.

8

САБАҚ

ҚЫСТА ҚАЛАЙ КИІНЕМІЗ?

Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.

Қыста Әнел мен Анна далада ойнайды. Күн суық. Әнел тоңбайды. Оның күртешесі қалың. Анна тоңады. Оның күртешесі жұқа. Баскиімі жоқ. Анна, қалың күртеше ки! Баскиім ки! Қыста жылы киін! Аурудан сақтан!



! Дұрыс айт!

баскиім [баскйім]
күртеше [күртөше]

Оқылым

1-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлемдерді толықтырып оқы.

Әнелдің



бар.

Аннаның



жоқ.

Жазылым

2-тапсырма. Сөйлемді толықтырып жаз.

Әнелдің күртешесі

Аннаның күртешесі

Айтылым

3-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны

Қыста не киеміз? Жылдам әрі дұрыс айтқан оқушы жеңімпаз болады.



Айтылым

4-тапсырма. Бір-біріңнен: «Қыста не киесің?» — деп сұраңдар.

Асыл, қыста не киесің?

Әлібек, мен
.....

Қыста жылы киін!
Аурудан сақтан!
Баскиім ки!

Есте
сақта!

МЕН ШЫРЫН ІШЕМІН

Мен тәтті шырын
ішемін.

Шырын тәтті.

Бұл — алма шырыны.

Бұл — анар шырыны.



Жаңа сөздер

шырын
тәтті
ішу
алма
анар



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.

БҰЛ — ШЫРЫН.

Бұл — алма шырыны.

Бұл — анар шырыны.

Бұл — апельсин шырыны.



алма

анар



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Бұл — алма шырыны.
Шырын тәтті.



Бұл — анар шырыны.
Шырын тәтті емес.



Біз үзілісте асханаға барамыз. Асханадан шырын ішеміз.
Маған алма шырыны ұнайды. Алма шырыны тәтті.
Анар шырыны тәтті емес.

! Дұрыс айт!

тәтті
ішемін [ішем]
шырын



Айтылым

1-тапсырма. Сұраққа жауап бер.



Бұл — алма
шырыны ма?



Апельсин шырыны
тәтті ме?



Анар шырыны тәтті
ме?



Айтылым

2-тапсырма. Суреттерді сәйкестендір. Ата.

Үлгі: Бұл — алма. Алма шырыны тәтті.



Жазылым


3-тапсырма. Әріптерден сөз құрастырып жаз.





Айтылым

4-тапсырма. Сурет бойынша диаграмманы толтыр.



БҰЛ — ШЫРЫН.

БҰЛ — НЕ?

Мен тәтті шырын ішемін.
Мен анар шырынын ішемін.



10

САБАҚ

САБІЗ ШЫРЫНЫ ДӘМДІ

Шырын дәмді.

Бұл — сәбіз шырыны.

Бұл — қызанақ шырыны.



Жаңа сөздер

дәмді
сәбіз
қызанақ



Оқылым



Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.

Қызанақ шырыны
дәмді.

Бұл — сәбіз шырыны.

сәбіз

! Дұрыс айт!

дәмді
сәбіз
қызанақ

қызанақ

 **Айтылым**

1-тапсырма. Суреттің орнына қажетті сөзді қойып айт.



 **Айтылым**

2-тапсырма. Суреттегі жемістерді ата.





Айтылым

3-тапсырма. Анна мен Әнел қандай шырын ішіп отыр? Айтып бер.



Жазылым

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жаз.

С...б...з, ...ызана... , ал...а, т...тт... , д...мд... , бот...а, суы... .



Айтылым

5-тапсырма. «Жұбыңды тап!» ойыны

Мұғалім сендерге алма, қызанақ, сәбіз, анар, апельсин, мандарин және т.б жеміс-жидектің толық суреті мен жартылай кесілген суретін таратады. Сендер сурет бойынша өз жұптарыңды тауып, сөйлем құраңдар.

Мысалы: Бұл — сәбіз. Сәбіз шырыны тәтті.

Жаттайық!

Тіл үйірген шырыным
Жемістердің бірімін.
Мен маржандай шиемін,
Ұнатамын күн нұрын.
Нұрхан Жанаев



Мен сәбіз шырынын ішемін.
Мен салқын шырын ішемін.

АНАРДЫҢ ПАЙДАСЫ БАР МА?

Анар шырыны пайдалы.
Шырын салқын.
Шырын жылы.



Жаңа сөздер
пайдалы
салқын
жылы

Тыңдалым Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.




Анар шырыны пайдалы.
Шырын салқын.

Қызанақ шырыны пайдалы.

Сәбіз шырыны пайдалы.
Шырын жылы.

Апельсин шырыны пайдалы.



! Дұрыс айт!
пайдалы
салқын



Айтылым

1-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

- Алма шырыны пайдалы ма?
- ...
- Алма шырыны қандай?
- ...
- Сәбіз шырыны қандай?
- ...



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Бұл — шырын. Бұл — алма шырыны. Алма шырыны тәтті. Анар шырыны дәмді. Шырын салқын. Сәбіз шырыны пайдалы.



Айтылым

3-тапсырма. Суретке қарап, сұраққа жауап бер.



Айтылым

4-тапсырма. «Жеделхат» ойыны

Екі топқа бөлініңдер. Сендерге сәбіз, қызанақ, сөмке, қалам, қарындаштың суреті мен бұл заттардың атауы қате жазылған қимақағаз беріледі. Онда қазақтың төл дыбыстары жазылмаған. Сондықтан қажет әріптерді қойып, оны суретпен сәйкестендіріңдер.

Шырын пайдалы.
Бұл — салқын шырын.
Бұл — жылы шырын.



МЕН САЛҚЫН СУ ІШЕМІН



Тыңдалым



Оқылым


Тыңда. Қайтала. Оқы.

- Әлібек, сен су ішесің бе?
- Иә, мен су ішемін.
- Әлібек, жылы су іш. Суық су ішпе! Ауырып қаласың!
- Мен суық су ішпеймін. Жылы су ішемін.



Айтылым

1-тапсырма. Сұраққа жауап бер.



Жазылым

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, жаз.

Ш ...р...н, т...тт..., ...шу, ...лм..., д...мд..., с...б...з, ...ызана..., п...йдал..., сал...ын, ж...л... .



Айтылым

3-тапсырма. Үлгі бойынша диалог құрыңдар.


- Үлгі:** — Бұл — су ма, шырын ба?
— Бұл — шырын.
— Бұл — қандай шырын?
— Бұл — алма (қызанақ) шырыны.
— Шырын қандай?
— Шырын дәмді (салқын, жылы, тәтті, суық).



Айтылым

4-тапсырма. «Кім көп айтады?» ойыны.

Екі топқа бөлініңдер. «Ә», «І», «Ң», «Ө», «Қ», «Ұ», «Ғ», «Ү» дыбыстарымен тез сөз құраңдар. Көп сөз құраған топ жеңімпаз атанады.





13

САБАҚ

НӘТИЖЕ САБАҚ. МЕН НЕ ҮЙРЕНДІМ?



Айтылым

1-тапсырма. Суреттерде қай мультфильмнің кейіпкерлері берілген? Олардың киімін ата.



Оқылым



Жазылым

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Оны негізге алып, мәтін құрастыр.

Менің сүйікті киімім

Менің жаңа көйлегім бар. Көйлегім қызыл түсті. Көйлегім әдемі. Қызыл көйлекті жиі киемін. Ол — менің сүйікті көйлегім.



Айтылым

3-тапсырма. Топқа бөлініңдер.

Әр топ орталарынан бір ұл не қыздың атын айтпай, киімін, сыртқы бейнесін (шашының ұзындығын, түсін) сипаттап, мәтін дайындасын. Сосын кезекпен таныстырыңдар. Қарсы топ ол оқушыны атауы керек.

Мысалы: Оның шашы қысқа, қара түсті. Көзі ...



Айтылым

4-Тапсырма. Суреттегі шырындарды ата.



Білгенге маржан...

Мақал-мәтел

Ағаш көркі — жапырақ,
Адам көркі — шүберек.



1

САБАҚ

ІНІМ МУЛЬТФИЛЬМ КӨРЕДІ

Ол не істейді?
Мен ертегі оқимын.
Ол ертегі оқиды.
Сен мультфильм көресің бе?
Мен мультфильм көремін.
Сен мультфильм көресің.
Ол мультфильм көреді.
Ертегі қызық.



Жаңа сөздер

ертегі
мультфильм көреді
қызықты

Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Менің інім бар. Ол сурет салады. Менің қарындасым бар. Ол Алдаркөсе мультфильмін көреді. Мен ертегі оқимын. Ертегі қызық.



Оқылым

1-тапсырма. Мәтінді оқы.

Әлібектің інісі мен қарындасы бар. Інісі ертегі кітап оқиды. Ертегі қызық. Қарындасы мультфильм көреді. Мультфильм қызық.

! Дұрыс айт!

көреді [көрөд]
ертегі кітап
[кітәп]
қызық



Айтылым

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен ертегі кітап оқисың ба?
2. Қандай ертегі қызық?
3. Сен мультфильм көресің бе?
4. Сен қандай мультфильмді ұнатасың?
5. Сенің інің/сіңлің/қарындасың қандай мультфильм көреді?



Жазылым

3-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлем құрап жаз. Ол — кім? Ол не істейді?

Үлгі: Әлібек доп ойнайды, ертегі оқиды,
құрастырады.





Жазылым

4-тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құрастырып жаз.

Мультфильм көремін мен. Ол салады сурет. Кеме құрастырасың ба сен? Бояйды суретті інім. Қарындасым оқиды ертегі. Қызық кітап ертегі.

Айтылым

5-тапсырма. Жұп болып отбасы мүшелеріңнің не істейтіні туралы диалог құрыңдар.

Үлгі: Әкең/анаң не істейді? Ағаң не істейді? Қарындасың не істейді?

Кел, жаттығайық!

Ерте, ерте, ертегі
Аңыз қылған, ән қылған,
Кел, ертегі тыңдайық
Ата-бабаң қалдырған!

Баянғали Әлімжанов



Мен ертегі кітап оқимын.
Інім мультфильм көреді.
Ертегі кітап қызық.
Мультфильм де қызық.

2

САБАҚ

ЕРТЕГІ НЕ ТУРАЛЫ?

Мен көремін

Сен көресің

Не көресің?

Сіз көресіз

Не туралы?

Ол көреді



Жаңа сөздер

не туралы?
тігінші



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.

— Мультфильм тігінші мен Ай туралы.

— Әлібек, мультфильм не туралы?

- Әлібек, сен не көресің?
- Мен мультфильм көремін.
- Мультфильм не туралы?
- Тігінші мен Ай туралы.

! Дұрыс айт!


көресің
[көресуң]
не туралы?
тігінші



Айтылым

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

СЕН НЕ КӨРЕСІҢ?



ОЛ НЕ КӨРЕДІ?



Айтылым

2-тапсырма. Үлгі бойынша сұраққа жауап бер.

Үлгі: Мынау — Карлсон мен балақай мультфильмі.


Бұл мультфильм Карлсон мен балақай туралы.



**БҰЛ — ҚАНДАЙ
МУЛЬТФИЛЬМ?
ОЛ НЕ ТУРАЛЫ?**



3-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жаз.



1. Мен мультфильм көремін.

Ол (не туралы?) _____.

2. Сен мультфильм көр_____.

Ол (не туралы?) _____.

3. Сіз мультфильм көр_____.

Ол (не туралы?) _____.

4. Ол мультфильм көр_____.



Ол (не туралы?) _____.





Айтылым

4-тапсырма. Суреттерге қарап, диалог құрыңдар.



Кел, жаттығайық!

Теледидар көремін.
Кітап оқып, ініме
Ертегі айтып беремін.



Мен
мультфильм
көремін. Ол
тігінші мен
Ай туралы.

3

САБАҚ

«ТІГІНШІ МЕН АЙ»

*Көйлек тікті
Мен ренжідім
Сен ренжідің
Сіз ренжідіңіз
Ол ренжіді*



Жаңа сөздер

тікті
күн сайын
ренжіді



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Ай кішкентай болды. Тігінші
Айға көйлек тікті. Ай күн сайын
үлкейді. Ай көйлекті киді.
Көйлек Айға кішкентай болды.
Ай ренжіді. «Тігінші мен Ай»
мультфильмі маған ұнады.

Дұрыс айт!

! Дұрыс айт!

тікті
ренжіді [іренжіді]
күн сайын



Айтылым

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.



АЙ ҚАНДАЙ БОЛДЫ?



ТІГІНШІ НЕ ІСТЕДІ?



АЙ НЕ ІСТЕДІ?



Жазылым

2-тапсырма. Сөздерді ретімен орналастыр. Сөйлемді толықтырып жаз.

1. Ай

4. киді

5.

кішкентай

3. күн
сайын

6.

ренжіді

2. тікті

1. _____ кішкентай болды.

2. Тігінші _____ -ға көйлек _____.

4. Ай _____ -ті _____.

3. Ай _____ болды.

5. Көйлек Айға _____.

6. Ай _____.



Айтылым

3-тапсырма. Сұраққа жауап беріңдер. Диалог құрыңдар.

- Ай қандай болды? _____.
- Тігінші не істеді? _____.
- Ай күн сайын қандай болды? _____.
- Ай нені киді? _____.
- Көйлек Айға қандай болды? _____.
- Ай не істеді? _____.

Кел, жаттығайық!

Ай сұлу мақтанды,
Көйлекке шаттанды.
Толысты, сыймады,
Сонда да қимады!



Тігінші көйлек тікті.
Көйлек Айға
кішкентай болды.
Ай ренжіді.

4

САБАҚ

ҚЫЗЫҚ ЕРТЕГІ

Алдаркөсе
сараң
тапқыр



Мен тіктім
Сен тіктің
Сіз тіктіңіз
Ол тікті

Жаңа сөздер

сараң
тапқыр



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.

— Жақсы,
10 тақия тігемін.

— Алдаркөсе, маған
10 тақия тігіп бер.



Сараң бай Алдаркөсеге: «Он тақия тік», — деді.
Алдаркөсе он тақия тікті. Бай тақияларды
киді. Тақия байдың басына кішкентай болды.
Бай ренжіді. Бай сараң. Алдаркөсе тапқыр.

! Дұрыс айт!

Алдаркөсе
[алдаргөсә]
сараң
тапқыр



Айтылым

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

САРАҢ БАЙ НЕ ДЕДІ?



АЛДАРКӨСЕ НЕ ІСТЕДІ?



ТАҚИЯЛАР ҚАНДАЙ?



БАЙ НЕ ІСТЕДІ?



ОЛ ҚАНДАЙ?



Жазылым

2-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырып жаз.



1. ... он ... тікті.



2. ... тақияларды киді.



3. ... байға кішкентай болды.



Айтылым

3-тапсырма. Суреттерге қара. Кім сараң? Кім сараң емес?



Айтылым

4-тапсырма. Досыңмен «Алдаркөсе — тігінші» мультфильмі туралы диалог құрыңдар.

Кел, жаттығайық!

Сараң, сараң, сараң бай
Жан-жағына қаранды-ай!
Тақия сыймай, қор болды,
Көздің жасы көл болды!



Алдаркөсе тақия тікті. Бай
тақияны киді.
Бай ренжіді. Ол сараң.
Алдаркөсе тапқыр.

5

САБАҚ

НАУРЫЗДА ӘН АЙТАДЫ

Мен билеймін/билемеймін.
Сен ән айтасың/айтпайсың.
Ол ән айтады/айтпайды.
Наурыз келді.



Жаңа сөздер

ән айтамын
билеймін

Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Наурыз келді. Мен ән айтамын. Әділ ағам ән айтады. Қарындасым — Алуа билейді.



Оқылым

1-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді оқы.

1. Әлібек сурет салмайды. Ол ән айтады.
2. Саша ән айтпайды. Ол билейді.
3. Әнел билемейді. Ол ән айтады.
4. Анна ән айтпайды. Ол суретті бояйды.
5. Қанат суретті боямайды. Ол суда жүзеді.

! Дұрыс айт!

ән айтад/айтпайд
билейді [бійлейді]
Наурыз келді [наурыз гелді]



Айтылым

2-тапсырма. Наурыз мейрамында сен не істейсің? Сұрақтарға «иә», «жоқ» деп жауап бер.

1. Сен Наурызда ән айтасың ба?
2. Сен Наурызда өлең жаттайсың ба?
3. Сен Наурызда билейсің бе?
4. Сен Наурызда сурет саласың ба?
5. Сен Наурызда ойыншықтарды бояйсың ба?
6. Сен Наурызда ойнайсың ба?



Жазылым

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына түсіп қалған әріптерді қойып, көшіріп жаз.

Мен с...рет саламын. Сен жапырақты бо...йсың. Әнел б...лейді. Әлібек ән с...лады. Саша д...п о...найды. Анна суда жақсы ж...зеді.



Айтылым

4-тапсырма. Сөздерді суреттермен сәйкестендіріп айт.



билейді



ән айтады



кеме құрастырады



баяйды



жүзеді



ойнайды



сурет салады



санайды



Айтылым

5-тапсырма. Жағдаят: Досың телефон шалды. Наурыз мейрамында не істейтіндерің туралы сөйлесіңдер.

Кел, жаттығайық!

Наурыз келді, мереке
Әкелсін елге береке!
Татулық, бірлік орнасын,
Жайнасын біздің кең өлке!

Асқар Наймантаев



Наурыз келді.
Мен ән айтамын.
Сен өлең жаттайсың.
Ол билейді.

6

САБАҚ

ӘЖЕМНИҢ АЙРАНЫ ТӘТТІ

Мен айран ішемін.
Сен айран ішесің.
Сіз айран ішесіз.
Ол айран ішеді.



Жаңа сөздер

дәмді айран



Тыңдалым



Айтылым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Әже: Әлібек, құлыным, айран ішесің бе?

Әже: Міне, құлыным.

Әже: Ас болсын, құлыным.

Әлібек: Иә, әже ішемін.

Әлібек: Айран өте дәмді. Рақмет, әже.

 **Жазылым**

 **Дұрыс айт!**

1-тапсырма. Көшіріп жаз.

ішем

Мен айран ішемін. Сіз айран ішесіз.
Сен айран ішесің. Ол айран ішеді.

 **Айтылым**

2-тапсырма. Әр қатардағы артық сөзді тап. Себебін айт.

- Айран, сүт, алма бағы
- Ата, әже, шарбақ
- Лақ, қозы, дәптер
- Ақ, қызыл, үй

 **Жазылым**

3-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлемдерді аяқтап жаз.

Мен
Әжем



.....
.....


Мен



.....
.....

 **Айтылым**

4-тапсырма. Жағдаят: Анаң сені дүкеннен айран алып келуге жұмсады. Дүкенге бар. Сатушымен сөйлесіп, айран сатып ал.



— Сен айран ішесің бе?
— Мен айран ішемін. Айран дәмді.
— Ас болсын, құлыным!

Есте сақта!

7

САБАҚ

ОЛ ДОМБЫРА ТАРТАДЫ



Жазылым


1-тапсырма. Мультфильм кейіпкерлері не істейді? Қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.



билейді ән айтады сурет салады оқиды домбыра тартады



билейді ән айтады
сурет салады



ертегі оқиды ән айтады
сурет салады



Айтылым

2-тапсырма. «Қуыршақ театры» ойыны

Үйден өзің қалаған екі кейіпкердің суретін салып, оны қиып алып кел. Осы екі кейіпкерді өзара сөйлестір. Олар бірі-бірімен сәлемдессін, таныссын. Бір-бірінен Наурыз мейрамында не істейтінін сұрасын.



Жазылым

3-тапсырма. Қажетті сөздерді пайдаланып, мәтін құрастыр. Мәтін кейіпкерлері сенің достарың болсын.

Қажетті сөздер: билеймін, ән айтасың, ертегі оқиды, сурет салады, кітап оқиды, доп ойнайды, домбыра тартады, ұнатады, ұнайды, үй құрастырады.

8

САБАҚ

ҚОШАҚАНЫМ СҮЙКІМДІ

Құлыншақ — құлынша(қ)ғым
Менің қошақаным,
құлынша(қ)ғым
Сенің қошақаның,
құлынша(қ)ғың
Оның қошақаны,
құлынша(қ)ғы



Жаңа сөздер

қошақан
құлыншақ
сүйкімді

Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Тыңда. Қайтала. Оқы.

Менің атам мен апам ауылда тұрады. Ауылда менің қошақаным, құлыншағым бар. Құлыншағымның аты — Тайбурыл. Менің қошақаным, құлыншағым сүйкімді.

! Дұрыс айт!

қошақан
құлыншақ [құлұншақ]
сүйкімді [сүйкүмдү]
Тайбурыл [тайбұурұл]

 **Айтылым**

1-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

1. Ауылда кім тұрады?
2. Әлібек жазғы демалыста қайда барады?
3. Ауылда не бар?
4. Қошақан қандай?
5. Құлыншақ қандай?

 **Жазылым**

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті әріптерді жаз.

....оша...ан, с...йкімді, қ...лыншақ, әдем...

Қажетті әріптер: қ, ұ, і, ү.



Оқылым

3-тапсырма. Суреттердің орнына қажетті сөздерді қойып оқы.

Менің



бар.
сүйкімді.

Мынау —



Менің



бар.
әдемі.



Айтылым

4-тапсырма. Бір-біріңнен: Сенің қошақаның, құлыншағың бар ма? Ол қандай? — деп сұраңдар.

Жаттайық!

Қой баласы — қоңырым,
Қойдан жуас, момыным,
Шопан ата түлегі,
Қошақаным, қайдасың.

Ауыз әдебиеті



Менің құлынша(қ)ғым бар.
Сенің қошақаның бар.
Құлынша(қ)ғым сүйкімді.

АҚ ЛАҒЫМ БАР

Менің лағым
Сенің лағың
Сіздің лағыңыз
Оның лағы



Жаңа сөздер

қора
лақ



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Атам ауылда тұрады. Мынау — қора. Қорада кішкентай лақ бар. Лақ ақ. Лақ сүйкімді. Мен лақпен ойнаймын. Менің лағым әдемі. Лағым ойынды жақсы көреді.

! Дұрыс айт!

ақ
лақ [ылақ]
қора



Айтылым

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

Әлібектің атасы қайда тұрады?

Әлібектің лағы қандай?

Лақ қайда?

Әлібектің лағы нені жақсы көреді?

Сенің лағың бар ма?



Жазылым

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.

Мынау — атамның үй... .

Аула... қора бар.

Қора... лақ бар.

Мынау — менің ақ лағы... .

Оның лағ... .

Олардың лақтар... .

Сенің лағы... бар ма?

Оның лағ... жоқ.



Айтылым

3-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлемдерді толықтырып айт.

Менің

Сенің

Сіздің

Оның



бар/жоқ.

Менің

Сенің

Сіздің

Оның



бар/жоқ.



Жазылым

4-тапсырма. «Адасқан әріптер» ойыны
Әріптерді орнына қойып жаз.

Қал, однайы, ақор, қшабар, қа, ықзлы.



Айтылым

5-тапсырма. Жағдаят: Сенің сүйкімді ақ лағың бар. Ол сенімен ойнайды. Досыңа лағың туралы айтып бер. Досың да саған өзінің лағы туралы айтсын.



Айтылым

6-тапсырма. Мына суреттердегі лақтар туралы не білесің? Досыңмен диалог құр.



Жаттайық!

Бөрте лақ

Шөре-шөре, лағым,
Тентек болма, шырағым!
Секектеме, деміңді ал,
Селтеңдемей құлағың.

Ілияс Жансүгіров



Қорада лақ бар.
Менің ақ лағым әдемі.
Менің лағым сүйкімді.
Мен лақпен ойнаймын.

10

САБАҚ

МЕНИҢ МЫСЫҒЫМ АҚ

Мысық — мысы(қ)ғы
Тырнақ — тырна(қ)ғы

Менің мысы(қ)ғым

Сенің мысы(қ)ғың

Оның мысы(қ)ғы

Сенің мысы(қ)ғыңның түсі
қандай?

Менің мысы(қ)ғымның түсі
қара.



Жаңа сөздер

қалай?
мұрт
тырнақ
тырнайды

Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Тыңда. Қайтала. Оқы.

Мынау — сенің мысығың. Мысықтың түсі қара. Көзі жасыл. Оның мұрты бар. Тырнағы ұзын. Сенің мысығың тырнайды.

! Дұрыс айт!

мұрт
тырнақ

 **Айтылым**

1-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

1. Мынау — кімнің мысығы?
2. Сенің мысығыңның түсі қандай?
3. Мысықтың мұрты бар ма?
4. Мысықтың тырнағы қандай?
5. Сенің мысығың тырнай ма?

 **Оқылым**

2-тапсырма. Суреттің орнына қажетті сөздерді қойып, сөйлемді толықтыр.

Мысықтың түсі

Мысықтың

Мысықтың



бар.

ұзын.

Айтылым

3-тапсырма. Мәтіндегі сенің деген сөзді менің деген сөзбен ауыстыр. Өз атыңнан баянда.

Мынау — сенің мысығың. Сенің мысығың қоңыр түсті. Көзі көк. Сенің мысығың тырнайды.

Үлгі: Мынау — менің мысығым. Менің ...

Айтылым

4-тапсырма. Бір-біріңнен сұраңдар:

1. Үйде мысық бар ма?
2. Оны қалай атайсың?
3. Оның көзі қандай?
4. Оның түсі қандай?
5. Оның тырнағы мен мұрты қандай?

Жаттайық!

Ала мысық, тырнама,
Тырнағаның бола ма?!
Ұстайыншы қолыңнан,
Ойнайық, ер соңымнан.

Жұпар Баймұқашқызы



Менің мысы(қ)ҒЫМ бар.
Оның мұрты, тырнағы бар.
Сенің мысы(қ)ҒЫҢНЫҢ түсі
қандай?

АҚЫЛДЫ КҮШІК

Күшік — күші(к)гі

Менің күші(к)гім

Сенің күші(к)гің

Оның күші(к)гі

Күшіктің құла(қ)ғы
Күшіктің құйры(қ)ғы



Жаңа сөздер

қарғыбау
құлақ

Тыңдалым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Тыңдалым



Оқылым

Әлібектің күшігі бар. Оның аты — Ақтәс. Күшік ақылды. Ақтәстің құлағы, құйрығы қара. Күшіктің қарғыбауы бар. Қарғыбауы әдемі. Күшігі Әлібекпен ойнайды. Олар — дос.

! Дұрыс айт!

қарғыбау
құлақ



Айтылым

1-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

1. Әлібектің күшігі бар ма?
2. Оны қалай атайды?
3. Оның қарғыбауы бар ма?



Жазылым

2-тапсырма. Суреттердің орнына қажетті сөздерді қойып, сөйлемді толықтыр.

Әлібектің



ақылды.

Күшіктің



бар.

әдемі.

Ақтөстің



қара.

Жазылым

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жаз.

Әлібектің күшіг... бар. Күшіктің ат... — Ақтөс. Ол Әлібекпен ойнай... . Күшік... қарғыбауы бар.

Айтылым

4-тапсырма. Өз күшігің туралы айт. Сенің күшігің бар ма? Оны қалай атайсың? Оның көзі, құлағы, құйрығы қандай? Сен күшікті жақсы көресің бе?



Кел, жаттығайық!

Күшігімді жетелеп,
Ертіп алам, апа!
Шалыс басса, шекеге
Шертіп қалам, апа!

Шона Смаханұлы



Оның күші(к)гі ақылды.
Күшіктің мойнында
қарғыбау бар.



? ! ? ! ? ! ? ! ? ! ? ! ?

12
САБАҚ

НӘТИЖЕ САБАҚ. МЕН НЕ ҮЙРЕНДІМ?



Оқылым

1-тапсырма. Өлеңді оқы.

Сүйкімді лақ
Жағалайсың бұлақ.

Ойнаймын деп бірақ
Қала көрме құлап.
Әбдірахман Асылбеков



Жазылым



Айтылым

2-тапсырма. Қандай ертегілерді білесің? Кластерді толтыр.

	<input type="text"/>	
<input type="text"/>	Білетін ертегілерім	<input type="text"/>
	<input type="text"/>	



Айтылым

3-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

Сенің



бар ма?

і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і

1

САБАҚ

ТЕРЕЗЕДЕ ГҮЛ ТҰР

Сынып — сыны(н)бы
Менің сыны(н)бым
Сенің сыны(н)бың
Оның сыны(н)бы
Мен гүлге су құямын.
Сен гүлге су құясың.
Ол гүлге су құяды.
Терезеде гүл тұр.



Жаңа сөздер

сынып
терезе
су құяды



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.





Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.

Бұл — менің сыныбым. Сыныпта үш терезе бар. Терезеде гүл тұр. Әлібек пен Әнел гүлге су құяды. Гүл әдемі.

! Дұрыс айт!

сынып
гүл тұр
су құяды
[сұу құйады]



Оқылым

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Суреттерді мәтіннің мазмұны бойынша орналастыр.

Бұл — сынып. Сыныпта үш терезе бар. Терезеде бес гүл тұр. Мына гүл әдемі. Гүл қызыл, жапырақ жасыл. Мен гүлге су құямын.



Жазылым

2-тапсырма. Суреттің орнына қажетті сөзді қойып, сөйлемді толықтырып жаз.

Бұл — үлкен



Терезеде әдемі, қызыл



тұр.

Анна гүлге



құйды.

Айтылым

3-тапсырма. Сұраққа жауап бер. Гүлдердің түсі қандай?



Кел, жаттығайық!

Неше түрі бар, әне,
Ауламызда гүлдің көп:
Көздің жауын алады
Аппақ, сары, күлгін, көк.

Бақыт Исаева



Бұл — менің сыныбым.
Терезеде гүл тұр.
Саша гүлге су құяды.

2

САБАҚ

БҰЛ — НЕНІҢ СУРЕТІ?

Гүлдің суреті
Бұлттың суреті
Таудың суреті



Жаңа сөздер

қоршаған орта

Тыңдалым

Тыңда. Қайтала.

БҰЛ — НЕНІҢ СУРЕТІ?

Бұл — қоршаған орта

Бұл — гүлдің суреті.

Бұл — таудың суреті.

Мынау — бұлттың суреті.

🎧 Тыңдалым

Тыңда. Қайтала.



Бұл — гүл.




Бұл — гүлдің суреті.




Бұл — тау.



Бұл — таудың суреті.



Мынау — бұлт.



Мынау — бұлттың суреті.

! Дұрыс айт!

гүл
бұлт
таудың
суреті сұурөтү?

🗨 Айтылым

1-тапсырма. Сөзді суретпен сәйкестендіріп, сөз тіркесін құра.



гүл



тау



бұлт



қоян



Оқылым

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Саша сурет салады.
 Мынау — бұлттың суреті.
 Мынау — таудың суреті.
 Бұл — қоршаған ортаның суреті.



Жазылым

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, көшіріп жаз.


Г...лдің сурет ...
 Б...лттың с...реті
 Тауды... су...еті



Айтылым

4-тапсырма. «Қарашы» деген сөзді қолданып, сөйлем құрастыр.

Үлгі: Қарашы, мынау — гүлдің суреті!



Жаттайық!

Күн шуағын төккенде,
 Жаңбыр сеуіп өткенде,
 Қызыл-жасыл далада
 Гүл тереміз көктемде.
 Фариза Оңғарсынова



Мынау — бұлттың суреті.
 Ол — гүлдің суреті.
 Мынау — таудың суреті.
 Ненің суреті?

3

САБАҚ

АҒАШТЫҢ СУРЕТІН САЛАСЫҢ

Күннің суреті
Айдың суреті
Ағаштың суреті
Ол сурет сала ма?



Тыңдалым

Тыңда. Қайтала.

Ол сурет салады



Оқылым

1-тапсырма. Мәтінді оқы.

- Сәлем, Әлібек!
- Сәлем, Әнел!
- Мынау — ненің суреті?
- Бұл — айдың суреті.
- Мынау — ненің суреті?
- Бұл — ағаштың суреті.

Ай

Күн

❗ Дұрыс айт!

КҮН



Оқылым



Жазылым

2-тапсырма.

Оқы. Суреттің орнына қажетті сөзді қойып жаз.

Әнел



суретін салды.
Оның суреті жақсы.

Әлібек



суретін салды.
Әлібектің суреті әдемі.

Мен



суретін саламын.



Айтылым

4-тапсырма. Суретке қарап, сұрақтарды толықтыр.



Әлібек, сен ...?



Әнел, сен ...?



Анна, сен ...?



Саша, сен ... ?



Сенің атаң ...?



Оның әкесі ...?



Айтылым

3-тапсырма. «Иә, «жоқ» деген сөздерді қолданып, сұрақтарға жауап бер.

Үлгі: Иә, мен сурет саламын.

Сен сурет саласың ба?

Сен ағаштың суретін саласың ба?

Сен гүлдің суретін саласың ба?

Сен күннің суретін саласың ба?

Сен айдың суретін саласың ба?



Айтылым

5-тапсырма. «Бұл — кімнің/ненің суреті?», «Суреті қандай?» сұрақтарын қолданып, диалог құрыңдар.

- Үлгі: — Бұл — ненің суреті?
— Бұл — ағаштың суреті.
— Ағаштың суреті қандай?
— Ағаштың суреті әдемі.



Жазылым

6-тапсырма. Сөйлемді толықтырып жаз.

Мен сурет сала... Сен сурет сала... ба?

Ол сурет сала... Мен ай мен күннің суретін сала...

Жаттайық!

Аспандағы ай қандай?
Қызықтаймын тұлғасын.
Биікке іліп қойғандай
Ақ әжемнің сырғасын.
Тұрысбек Еділбаев

Мен сурет саламын.
Сен сурет саласың.
Ол сурет салады.



4

САБАҚ

БҰЛ – ҚАНДАЙ ГҮЛ?



Бұл — әдемі бәйшешек.
Раушан гүліне су құямын.

Жаңа сөздер

қызғалдақ
раушан
бәйшешек



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



- Әлібек, бұл — қандай гүл?
- Бұл — раушан гүлі.
- Әнел, бәйшешек — қандай гүл?
- Бәйшешек — әдемі гүл.
- Кім гүлге су құяды?
- Саша гүлге су құяды.

! Дұрыс айт!

бәйшешек
қызғалдақ
әдемі

Айтылым

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

Әлібекте қандай гүл бар? Бәйшешек — қандай гүл? Кім гүлге су құяды?

Айтылым



2-тапсырма. Бұл — не? Сен ненің суретін саласың? Суреттерге қарап, сұраққа жауап бер.





Айтылым

3-тапсырма. Ойлан, тап! Қайсысы артық?



Айтылым

4-тапсырма. Қандай әріп түсіп қалғанын тап.

1. қ ы з ... а л д а ...
2. б ... й ш е ... е к
3. ... д е м ...
4. р а ... ш а ...
5. ... у р е ...
6. ... е ... е з е

Кел, жаттығайық!

Қырда шешек гүл ашып,
 Жауқазындар жайқалды.
 Көк шалғынмен ұласып,
 Самал желмен шайқалды.

Диас Ғалымұлы

5

САБАҚ

МАҒАН БӘЙШЕШЕК ҰНАЙДЫ

Маған раушан ұнайды.
Саған қызғалдақ ұнай ма?
Қандай гүл ұнайды?



Жаңа сөздер

маған/саған
ұнайды
ұнай ма?

Тыңда. Қайтала. Оқы.

- Саған қандай гүл ұнайды?
- Маған раушан ұнайды.
- Әнел, саған қандай гүл ұнайды?
- Маған қызғалдақ ұнайды.
- Саша, саған қандай гүл ұнайды?
- Маған бәйшешек ұнайды.

! Дұрыс айт!

маған ұнайды

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлібекке қандай гүл ұнайды? 2. Әнелге қандай гүл ұнайды? 3. Сашаға қандай гүл ұнайды? 4. Саған қандай гүл ұнайды?

Жазылым

2-тапсырма. Суреттің орнына қажетті сөзді қойып, сөйлем құра.

Маған



ұнайды.

Саған



ұнайды.

Әнелге



ұнай ма?

3-тапсырма. Досыңнан қандай гүл ұнайтынын сұра. Өздеріңе ұнайтын гүл туралы сөйлесіңдер.

- | | |
|--------------------------|--------------------|
| 1. қ ы з ... а л д а ... | 4. р а ... ш а ... |
| 2. б ... й ш е ... е к | 5. ұ ... а ... д ы |
| 3. ... н а т ... м ы н | 6. ... |

4-тапсырма. Жағдаят: бір-біріңнен «Сен не істейсің?» — деп сұраңдар. Суреттерді пайдаланып, жауап беріңдер.

Қажетті сөздер: сен не істейсің, ағаш, гүл, суқұй, әдемі және т.б.



Маған раушан ұнайды.
Саған қызғалдақ ұнай ма?
Маған бәйшешек ұнайды.

6

САБАҚ

ГҮЛ СЫЙЛАЙМЫН

Мен гүл сыйлаймын
Сен гүл сыйлайсың
Ол гүл сыйлайды
Қандай тамаша гүл!



Жаңа сөздер

сыйлаймын
рақмет
туған күн



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Бүгін — Әнелдің туған күні. Саша Әнелге шар сыйлайды. Анна кітап сыйлайды. Қанат «Лего» сыйлайды. Мен гүл сыйлаймын. Сен не сыйлайсың?



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала.

- Әнел, саған раушан гүлін сыйлаймын.
- Рақмет, Әлібек! Раушан қандай тамаша!

! Дұрыс айт!

Қандай тамаша гүл!
сыйлайм
туған күн [тұуғаң гүн]



Оқылым

1-тапсырма. Мәтінді оқы.

Ертең — Аннаның туған күні. Аннаға қызғалдақ пен раушан ұнайды. Мен Аннаға қызғалдақ сыйлаймын. Қызғалдақ қандай тамаша! Сен Аннаға не сыйлайсың?



Оқылым




Айтылым

2-тапсырма. Диалогті толықтыр. Көп нүктенің орнына өзің білетін гүлдердің атын қойып айт.

- а) — Апай, сізге ... сыйлаймын.
- Рақмет, Саша! ... қандай тамаша!
- ә) — Әнел, саған ... сыйлаймын.
- Рақмет, Қанат! ... қандай тамаша!

Айтылым

3-тапсырма. Суреттегі заттардың атын қатыстырып, «Қандай тамаша!» — деп айт.



Қандай тамаша!



Қандай тамаша!



Айтылым

4-тапсырма. Диалогті толықтыр.

- Әлібек, саған қандай гүл ... ?
- ... раушан ұнайды. Сен анаңа қандай гүл ... ?
- Мен ... қызғалдақ сыйлаймын.
- Қызғалдақ — өте әдемі

Кел, жаттығайық!

Гүл ектік аулаға
Көктемде көңілді.
Бақта да, бауда да
Ақ гүлдер өрілді.

Ақұштан Бақтыгереева



Мен гүл сыйлаймын.
Раушан қандай тамаша!
Рақмет!

7
САБАҚ

ГҮЛГЕ СУ ҚҰЯМЫЗ

Оқылым

1-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш.



Word search grid with clues:

- 2: Vertical word starting from the window.
- 3: Vertical word starting from the roses.
- 1: Horizontal word starting from the tulips.
- 4: Horizontal word starting from the balloon.



Айтылым

2-тапсырма. Тірек сөздер арқылы гүлдерді сипатта.

Тірек сөздер: қызыл, ұзын, әдемі, сары, аз, көп, қысқа, көк.



Оқылым

3-тапсырма. Қай сөйлем дұрыс? Анықта.

1. Сен анаңа гүл сыйлайсың ба?
2. Мен бәйшешек ұнайды.
3. Саған гүлді ұнайды ма?
4. Бәйшешек — әдемі гүл.
5. Терезеде үш гүл жүр.
6. Гүлге су құямыз.



Айтылым

4-тапсырма. Қағаздан өзің қалаған гүлді жасап, боя. Оны досыңа сыйла. Досың гүлге таңдансын, саған алғыс айтсын!

Білгенге маржан...

Мақал-мәтел

Елдің көркі — қыз,
Жердің көркі — гүл.



8

САБАҚ

БЕЙСЕНБІДЕ ТАУҒА ШЫҒАМЫН

Дүйсенбіде неше сабақ
болады?

Сәрсенбіде не істейсің?

Жұмада ойнаймын.



Бүгін — қай күн?

Жаңа сөздер

бүгін
апта
дүйсенбі
сейсенбі
сәрсенбі
бейсенбі
жұма
сенбі
жексенбі



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.

Апта күндері

дүйсенбі

сейсенбі

сәрсенбі

бейсенбі

жұма

сенбі

жексенбі

! Дұрыс айт!

бүгін [бүгүн]
дүйсенбі [дүйсембі]
сейсенбі [сейсембі]
сәрсенбі [сәрсембі]
бейсенбі [бейсембі]
жұма
сенбі [сембі]
жексенбі
[жексембі]



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



7. Бүгін — жексенбі.
Жексенбіде демаламын.



1. Бүгін — дүйсенбі.
Дүйсенбіде сабақ
басталады.



2. Бүгін — сейсенбі.
Сейсенбіде бассейнге
барамын.



6. Бүгін — сенбі. Сенбіде
үй жинаймын.

Бүгін — қай
күн?



3. Бүгін — сәрсенбі.
Сәрсенбіде доп ойнаймын.



5. Бүгін — жұма. Жұмада
хайуанаттар бағына барамын.



4. Бүгін — бейсенбі.
Бейсенбіде тауға шығамын.



Оқылым

1-тапсырма. Мәтінді оқы.

Аптада жеті күн бар. Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі — апта күндері. Дүйсенбі — аптаның басы. Сейсенбіде досыма барамын. Сәрсенбіде мультфильм көремін. Бейсенбіде тауға шығамын. Жұмада кеме құрастырамын. Сенбіде саябаққа барамын. Жексенбіде достарыммен ойнаймын.



Жазылым

2-тапсырма. Апта күндерінің атын ретімен жаз.

Жексенбі, сәрсенбі, дүйсенбі, жұма, бейсенбі, сенбі, сейсенбі.

Жаттайық!

Бір апта

Дүйсенбіде доп ойнадық қорада,
Сейсенбіде серуен құрдық далада.
Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,
Бейсенбіде би биледік әндетіп.
Жұма күні жидек тердік қыратта,
Сенбі күні кино көрдік клубта.
Жексенбіде үйде болып демалдық,
Осылайша өте шықты бір апта.

Әдібай Табылдиев










Бүгін — қай күн?
Бүгін — дүйсенбі.
Жексенбіде
демаламын.



Айтылым

3-тапсырма. Кестені пайдаланып, сөйлем құра.

Мен	дүйсенбіде		тебемін.
	сейсенбіде		ойнаймын.
	сәрсенбіде		сурет саламын.
	бейсенбіде		құрастырамын.
	жұмада		билеймін.
	сенбіде		оқимын.
	жексенбіде		тебемін.

9

САБАҚ

БҮГІН — СӘРСЕНБІ МЕ?

Сабақ — саба(қ)ғы
Сәрсенбіде қазақ тілі саба(қ)ғы
болады.

Қазақ тілі — нешінші сабақ?
бірінші, екінші, алтыншы



Жаңа сөздер

нешінші
сабақ?

Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



- Әнел, бүгін — қай күн?
- Бүгін — сәрсенбі.
- Қазақ тілі — нешінші сабақ?
- Қазақ тілі — бірінші сабақ.
- Математика — нешінші сабақ?
- Математика — екінші сабақ.
- Ағылшын тілі — нешінші сабақ?
- Ағылшын тілі — үшінші сабақ.

❗ Дұрыс айт!

нешінші
сабақ?



1-тапсырма. Суреттерді сөйлемдермен сәйкестендіріп оқы.

1.



2.



3.



4.



5.



6.



7.



Дүйсенбіде сабақ басталады.

Сейсенбіде әткеншек тебемін.

Сәрсенбіде мультфильм көремін.

Бейсенбіде велосипед тебемін.

Жұмада сурет саламын.

Сенбіде доп ойнаймын.

Жексенбіде саябаққа барамын.

 **Жазылым**

2-тапсырма. Әріптерді орнына қойып, апта күндерін ретімен жаз.

д...йс...нб...

ж...ма

с...нб...

с...йс...нб...

ә

ұ

і

ж...к...нб...

ү

е

б...йс...нб...

с...рс...нб...

 **Жазылым**

3-тапсырма. Суретті пайдаланып, балалардың не істеп жатқанын жаз.



Әлібек _____
_____.

Анна _____
_____.



Әнел _____
_____.



Саша _____
_____.





Айтылым

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Сен дүйсенбіде не істейсің?
-
- Сен сейсенбіде бассейнге барасың ба?
-
- Сен сәрсенбіде шахмат ойнайсың ба?
-
- Сен бейсенбіде доп ойнайсың ба?
-
- Сен жұмада не істейсің?
-
- Сен сенбіде саябаққа барасың ба?
-
- Сен жексенбіде мультфильм көресің бе?
-



Айтылым



Жазылым

5-тапсырма. «Нешінші сабақ?» ойыны

Бір-біріңнен: «Қазақ тілі/математика/ағылшын тілі — нешінші сабақ?» — деп кезектесіп сұраңдар. Күнделіктегі сабақ кестесіне қарап, жауап беріңдер.

Кел, жаттығайық!

Бір аптаның күндері өтті:
Дүйсенбіде гүл ектім,
Сейсенбіде жуа тердім,
Сәрсенбіде су әкелдім,
Бейсенбіде бақша баптап,
Жұма күні тақпақ жаттап,
Сенбі күні киноға бардым,
Жексенбіде бір демалдым.

Мүбарак Жаманбалинов



Сәрсенбі — сәтті күн.
Дүйсенбіде сабаққа
барамын.

10
САБАҚ

СЕНБІ КҮНІ САБАҚ АЗ

Жексенбі күні «Думанға»
барамын.



Сенбі күні досыма барамын.

Жаңа сөздер

ертең

Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Бүгін — сенбі. Ертең — жексенбі. Әлібек саябаққа барады. Әнел ата-анасымен хайуанаттар бағына барады. Анна тауға шығады. Саша достарымен ойнайды.

! Дұрыс айт!

ертең



Тыңда. Қайтала. Оқы.



— Анна, бүгін — қай күн?
— Бүгін — дүйсенбі. Ертең — сейсенбі.

— Бүгін сабақ көп. Бүгін 6 сабақ болады.
— Саша, ертең неше сабақ болады?
— Ертең — 5 сабақ. Ертең сабақ аз.



— Әнел, ертең неше сабақ болады?
— Ертең 4 сабақ болады. Ертең сабақ аз.




Айтылым

1-тапсырма. Әр қатардағы артық сөзді тауып, неге артық екенін түсіндір.

- қалам, дәптер, күнделік, сейсенбі, кітап;
- дүйсенбі, сейсенбі, қоян, сенбі, жексенбі;
- арыстан, піл, өшіргіш, аю, қонжық;
- алма, сәбіз, жұма, анар, алмұрт;
- сурет, бояу, қарындаш, бейсенбі.

Айтылым

2-тапсырма. Кестені пайдаланып, кімнің не істейтінін айт.

	дүйсенбі	сейсенбі	сәрсенбі	бейсенбі	жұма	сенбі	жексенбі
Әлібек							
Анна							
Саша							
Әнел							

Жазылым

3-тапсырма. Қажетті сөзді орнына қойып, сөйлемді толықтырып жаз.

Әлібек сейсенбіде ... ойнайды. Саша ... бассейнге барады. Анна ... қуыршақ ойнайды. Әнел дүйсенбіде ... тебеді.

Қажетті сөздер: сейсенбі, шахмат, дүйсенбі, әткеншек.

Айтылым

4-тапсырма. Бір-біріңнен аптаның әр күнінде неше сабақ болатынын сұраңдар. Күнделіктегі сабақ кестесіне қарап, жауап беріңдер.



Сейсенбіде
бассейнге
барамын.



? ! ? ! ? ! ? ! ? ! ? ! ?

11
САБАҚ

НӘТИЖЕ САБАҚ. МЕН НЕ ҮЙРЕНДІМ?



Айтылым

1-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

- Сен дүйсенбі күні сабаққа барасың ба?
—
- Сенің досың сейсенбі күні қайда барады?
—
- Досың сәрсенбі күні не істейді?
—
- Сен бейсенбі күні бассейнге барасың ба?
—
- Сен жұма күні не істейсің?
—
- Сен сенбі күні саябаққа барасың ба?
—
- Жексенбі — демалыс па?
—

Білгенге маржан...

Жұмбақ

Жаңылмастан жетеуі
Кезек қызмет етеді.
(інүк 7 қынатпА)



і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і



Жазылым

2-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, сөйлем құрап жаз.



Айтылым

3-тапсырма. Досыңнан сенбі және жексенбі күндері не істейтінін сұра.

Айтылым

4-тапсырма. «Не өзгерді?» ойыны

Мұғалім апта күндері мен гүл атаулары бөлек-бөлек жазылған қағазды орындарын ауыстырып, сендерге 30 секунд қана көрсетеді. Сендер олардың қалай тұрғанын естеріңе сақтап, айтуларың керек.

1

САБАҚ

МЕНИҚ ДЕМАЛЫС КҮНІМ

Мен аквапаркке барамын.
Сен аквапаркке барасың ба?

Кіммен барасың?

отбасыммен

анаммен

досыммен



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.

АКВАПАРК

**AQUA
PARK**



Ертең — жексенбі. Мен отбасыммен аквапаркке барамын. Онда суда шомыламын. Саша досыммен хайуанаттар бағына барады. Хайуанаттар бағында маймыл, бұғы, қолтырауын, керік, піл, арыстан бар.



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.

5. Әлібек, сен хайуанаттар бағына кіммен барасың?



1. Әнел, хайуанаттар бағына барасың ба?

4. Иә, барамын.

2. Иә, мен хайуанаттар бағына барамын.
3. Сен барасың ба?

6. Мен хайуанаттар бағына досыммен барамын.

! Дұрыс айт!


Кіммен барасың?
отбасыммен
[отпасыммен]
досыммен [досұммен]
анаммен
Әлібекпен



Айтылым

1-тапсырма. Суретке қара. Сұраққа жауап бер.

КІММЕН БАРАСЫҢ?





Айтылым

2-тапсырма. Суреттің орнына қажетті сөзді қойып айт.

Мен



аквапаркке барамын.

Мен



хайуанаттар бағына барамын.

Мен



аквапаркке барамын.

Мен



аквапаркке барамын.



Айтылым

3-тапсырма. Үлгі бойынша диалог құрыңдар.

Үлгі: — Әлібек, сен аквапаркке?

— Мен

Жазғы демалыс
басталады.
Хайуанаттар бағына
барамын.



ЖҮР, «ДУМАНҒА» БАРАМЫЗ

Сен бүгін не істейсің?
Мен қыдырамын
Сен қыдырасың
Ол қыдырады
Ертең — демалыс.
Жарайды, барамыз.



Жаңа сөздер

Жарайды!
демалыс күні
қыдырамын



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала.



**Тыңдалым****Оқылым**

Тыңда. Қайтала.

— Алақай, ертең — демалыс! Әлібек, демалыс күні сен не істейсің?

— Мен демалыс күні қыдырамын.

— О, қандай тамаша! Сен қайда қыдырасың?

— Мен «Думанға» барамын. Сен ертең қыдырасың ба, Саша?

— Жоқ, мен досыммен доп ойнаймын.

— Саша, ертең «Думанға» барайық!

— Жарайды, барайық!

! Дұрыс айт!

Ертең не істейсің?

Ертең қыдырам.

Досыммен қыдырам.

**Айтылым****1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлібек ертең не істейді?

2. Саша ертең не істейді?

3. Әлібек Сашаға не деді?

4. Саша не деді?

**Жазылым****2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.

Мен ертең қыдыра... .

Сен бүгін қыдыра... ба?

Ол ертең қыдыра... .

Біз ертең қыдыра... .

Сендер қыдыра... ма?


Олар қашан қыдыра...?



Айтылым

3-тапсырма. «Ертең не істейсің?» деген сұраққа олар не деп жауап берер еді?

Үлгі: Мен ертең қарындасыммен хайуанаттар бағына барамын.



Жазылым

4-тапсырма. Суретке қара. «Жүр» сөзін кірістіріп, сөйлем жаз.

Үлгі: Әлібек, жүр, доп ойнаймыз.



Айтылым

5-тапсырма.

Әр топ «Демалыс күні не істейміз?» деген диаграмманы толтырсын. Соған сүйеніп, 3—4 сөйлемнен тұратын мәтін құраңдар. Мәтінді дұрыс құраған топ жеңіске жетеді. Берілетін уақыт — 4 минут.

Саябаққа барамыз

Демалыс күні не істейміз?



Ертең — демалыс. Ертең қыдырамын. Әкеммен «Думанға» барамын. Жарайды, барамыз.

Кел, жаттығайық!

Жексенбіде босқа отырмай қамалып, Жексенбекпен масақ тердім, қап алып.

Мекембай Омарұлы

3-4
САБАҚ

МҰХИТАРАЛДЫ КӨРЕМІЗ

«Думанға» әкеммен барамын.
Енді мұхитаралды көреміз.

Жаңа сөздер

мұхитарал
балық
тасбақа
көреміз
енді



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала.



Балық

Тасбақа

Мұхитарал

Маған мұхитарал ұнайды. Мұхитаралда балық көп. Мынау — үлкен тасбақа.
Енді балық көреміз.



Оқылым

1-тапсырма. Диалогті оқы.

- Әке, енді мұхитаралға барамыз ба?
- Жарайды, балам, барамыз.
- Әке, мынау — не?
- Бұл — тасбақа.
- Әке, мынау — қандай үлкен балық?!
- Иә, балам. Енді кірпібалықты көреміз.

! Дұрыс айт!

мұхитарал
[мұхұитарал]
балық
тасбақа [таспақа]
кірпібалық
көру [көрүү]
енді



Жазылым

2-тапсырма. Қате жазылған сөйлемдерді дұрыс құрастырып жаз.

Күні ертең демалыс. Мен қыдырамын демалыста. Мұхитаралға барамын ертең әкеммен, анаммен. Ұнай мұхитарал саған ма? Көреміз үлкен мұхитаралда балық.



Айтылым

3-тапсырма. Сендер мұхитаралда не көресіңдер? Суреттерді пайдаланып, айтыңдар.

Үлгі: Біз мұхитаралда ... көреміз.





Айтылым



Тілдесім

4-тапсырма. «Жылдам тап» ойыны

Жұпқа бөлініңдер. Әр жұпта бес зат не жануардың суреті (мысалы: қоян, кітап, гүл, кірпібалық, сөмке) болуы керек. Кезектесіп, бір-біріңнен: «Бұл — не?» — деп сұраңдар. Затта не жануарды дұрыс атап, тез шешіңдер.



Жазылым

5-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлемді аяқтап жаз.



«Думанда»



Мен ертең ...



Мұхитаралда ...



Қандай !



Қара,!



Маған !



Айтылым

6-тапсырма. Жағдаят: ертең — демалыс. Досыңды «Думан» мұхитаралына бірге баруға шақыр.

Тірек сөздер: «Думан», мұхитарал, сәлем, балық, тасбақа, көру, бару.

Кел, жаттығайық!

Мұхитаралға барып,
Балықтарды сана!
Кірпібалық үлкен,
Тасбақаға қара!



«Думанға» әкеммен
барамын.
Енді мұхитаралды көреміз.
Балық көп. Мынау — кірпі-
балық, мынау — тасбақа.

5

САБАҚ

МАҒАН «ДУМАН» ҰНАДЫ

Маған ұнады/ұнамады.

Мұхитаралды көрдім/көрмедім.



«Думанға» бардым/бармадым.

Жаңа сөздер

ұнады/ұнамады
бардым/бармадым
көрдім/көрмедім



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



- Әлібек, саған «Думан» ұнады ма?
- Иә, маған «Думан» ұнады.
- «Думанда» не ұнады?
- Маған мұхитарал ұнады.
- Маған да мұхитарал ұнады. Тасбақаларды, балықтарды көрдім.
- Маған балықтар ұнады.
- Әлібек, саған көп рақмет! Демалыс күніміз жақсы өтті!
- Саған да рақмет! Жақсы қыдырдық.



Айтылым

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлібек пен Саша қайда барды?
2. Әлібектің әкесі «Думанға» барды ма?
3. Сашаның әкесі «Думанға» барды ма?
4. Әлібек пен Саша мұхитаралды көрді ме?
5. Әлібекке мұхитарал ұнады ма?
6. Сашаға тасбақа ұнады ма?

! Дұрыс айт!

ұнады/ұнамады
бардым/бармадым
көрдім/көрмедім



Жазылым

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.






Әлібек пен Саша Олар «Думанға» Саша көрді. Мұхитаралда көп ... бар.
Оған ұнады. Әлібекке үлкен тасбақа

Қажетті сөздер: ұнады, барды, дос, балық, кірпібалық, мұхитаралды.



Оқылым

3-тапсырма. Шеңбердегі әріптерден сөз құра.





Айтылым

4-тапсырма. Суреттерге сәйкес сөйлемді тап.

Олар саябақта қыдырды. Ол «Думанға бармады. Оған «Думан» ұнады. Оған кірпібалық ұнамады. Ол әкесімен «Думанға» барды. Ол тасбақаны көрді.


1. Ол әкесімен «Думанға»
барды



4.



5.



6.



Жазылым

5-тапсырма. Ауылдағы досыңа «Думанға» барғаның жайлы хат жаз.

Жаттайық!

Суасты да бір қызық:
Алабұға жүр жүзіп
Қанаттары қырмызы,
Құйрығы да алқызыл.

Қадыр Мырза-Әлі



Мен «Думанға» бардым/
бармадым.
Маған мұхитарал ұнады/
ұнамады.
Мен балықты көрдім/
көрмедім.

6

САБАҚ

АЛАҚАЙ, ДЕМАЛЫСҚА ШЫҒАМЫН!

Жаз айлары
Мен демаламын
Сен демаласың
Сіз демаласыз
Ол демалады



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.

ЖАЗ КЕЛДІ. ЖАЗ АЙЛАРЫ: МАУСЫМ, ШІЛДЕ, ТАМЫЗ.



МАУСЫМ

1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30					

ШІЛДЕ

1	2	3	4	5		
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

ТАМЫЗ

1	2					
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
23	24	25	26	27	28	29
30	31					

Жаз — жыл мезгілдерінің бірі. Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Жазда мектеп оқушылары, мұғалімдер демалады.

Шілдеде лагерьге барамын. Лагерьдің жанында үлкен көл бар. Тамызда әкеммен, анаммен қыдырамын.


! Дұрыс айт!

маусым [маусұм]
шілде
тамыз

 **Жазылым**

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаны жалғап жаз.

ЖАЗДА БАЛАЛАР ҚАЙДА БАРАДЫ?

Жазда балалар  ауыл...
лагерь...
тау...
көл...
теңіз... } барады.

 **Жазылым**

 **Айтылым**

2-тапсырма. Суреттерге қарап, шағын мәтін құрап жаз.


КІМ ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?



ауыл



лагерь



ӘНЕЛ

тау



АЛУА

көл



ДАНА

теңіз



ӘЛИ

өзен



3-тапсырма. Қою қаріппен жазылған сөздерді жекеше түрде жаз.

Біз демаламыз

... демаламын

Сендер демаласыздар

... демаласың

Сіздер демаласыздар

... демаласыз

Олар демалады

... демалады

Жаттайық!

Балақай-ау, балақай,
Жаз келеді, алақай!
Жалаңаяқ жүреміз,
Балақты да түреміз.
Көлден балық сүземіз,
Жалтылдатып тіземіз.
Қадыр Мырза-Әлі



Жаз айлары: маусым,
шілде, тамыз.
Әлібек жазда
демалады. Ол ауылға,
лагерьге, тауға, көлге
барады.

7

САБАҚ

СЕН ҚАЙДА ДЕМАЛАСЫҢ?

Мен жоспарладым.
Сен жоспарладың ба?
Ол жоспарлады ма?



Жаңа сөздер

жоспарладым
шомыламын



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Жоспар Жазғы демалыс

1. Жазда кітап оқимын.
2. Маусымда ауылға барамын.
3. Шілдеде көлге шомыламын.
4. Тауда сурет саламын.
5. Тамызда Алакөлге барамын.

Мен жазғы демалысымды жоспарладым. Маусым айында лагерьге барамын. Лагерьде суға шомыламын. Шілде айында тауға барамын. Тамыз айында анаммен Алакөлге барамын.

! Дұрыс айт!

жоспарлайм
жазғы демалыс
шомыламын
[шомұламын]



Жазылым

1-тапсырма. Қосымшасын жалғап жаз.

Мен жазғы демалысымды жоспарла... .

Сен жазғы демалысыңды жоспарла... .

Сіз жазғы демалысыңызды жоспарла... .

Ол жазғы демалысын жоспарла... .




Жазылым



Айтылым

2-тапсырма. Сұраққа жауап жаз. Айтып бер.

СЕН ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТА НЕ ІСТЕЙСІҢ?



Айтылым

3-тапсырма. Әлібектің, Әнелдің, Аннаның атынан мәтін құрап айт.



Жоспар

1. Маусымда ...
2. Шілдеде ...
3. Тамызда ...



Жоспар

1. Маусымда ...
2. Шілдеде ...
3. Тамызда ...



Жоспар

1. Маусымда ...
2. Шілдеде ...
3. Тамызда ...



Айтылым

4-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлесіңдер.

- Сен жазғы демалыста не істейсің?
- Мен ауылға барамын.
- Үш ай ауылда боласың ба?
- Иә, үш ай ауылда боламын. Мен тауға шығамын, шомыламын, футбол ойнаймын. Ал сен жазғы демалыста не істейсің?
- Мен лагерьге барамын.



Сен жазғы демалысыңды жоспарладың ба? Мен жоспарладым. Мен ауылға барамын. Ауылда тау бар. Жазда тау салқын болады. Атаммен тауға шығамын.

САҒАН САЯХАТ ҰНАЙ МА?

Мен саяхатқа барамын
 Сен саяхатқа барасың
 Ол саяхатқа барады

Отбасыммен саяхатқа барамын.
 Велосипедпен барамын.



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Демалыста отбасыммен саяхатқа шығамын. Тауға велосипедпен барамын. Тауда әкеммен доп ойнаймын. Анаммен бадминтон ойнаймын. Анам гүл тереді. Тауда жақсы демаламыз.

! Дұрыс айт!

[тауға]

[гүл]

[тереді]



Айтылым

1-тапсырма. Суретті пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

Сұрақтар: Бірінші суретте не бар, не жоқ? Екінші суретте не бар, не жоқ?



Жазылым

2-тапсырма. Суреттің орнына қажетті сөзді қойып жаз.

Мен демалыста

Мен



Анам

-ға шығамын.

-ға велосипедпен барамын.

-да әкеммен доп ойнаймын.



тереді.



Айтылым

3-тапсырма. Сызба бойынша диалог құрыңдар

Сен демалыста

Мен демалыста

бассейнге

тауға

киноға

барасың ба?

Отбасыммен саяхатқа шығамын.

Демалыста велосипед тебемін.



СЕН АУЫЛДА БОЛДЫҢ БА?

Мен жазда ауылға барамын.

Сен жазда жайлауға
барасың ба?



Ол жазда өзенге барады.

Жаңа сөздер

жайлау



Тыңдалым



Оқылым

Тыңда. Қайтала. Оқы.



Оқылым

1-тапсырма. Мәтінді оқы

— Алақай, демалыс! Мен ауылға барамын.
Жайлауға барамын. Сен ауылда болдың ба?

— Иә, болдым.

— Әлібек, мен ауылға барамын. Сау бол!

— Сау бол! Әнел. Мен де ертең жайлауға барамын.



Жазылым



Айтылым

2-тапсырма. Үлгі бойынша сұрақтарға жауап бер.

! Дұрыс айт!

жайлау [жәйләу]

СЕН АУЫЛҒА БАРАСЫҢ БА?

Иә, мен ауылға барамын.

Жоқ, мен ауылға бармаймын.

Қажетті сөздер: өзен, тау, лагерь, жайлау.



Жазылым

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жалғап, жаз.

Мен ауылға барамын.


Сен ауылға бар... .

Сіз ауылға бар... .

Ол ауылға бар... .



4-тапсырма. Оқып, сұрақтарға жауап бер.



Мен ертең ауылға барамын. Ауылда атам мен әжем бар. Мен жайлауға барамын.

Мен жазғы демалыста ауылға барамын. Ауылда өзен бар. Мен балық аулаймын, шомыламын.



1. Әнел қайда барады?
2. Әнелдің атасы мен әжесі қайда тұрады?
3. Әлібек жазғы демалыста қайда барады?
4. Ауылда өзен бар ма?
5. Әлібек ауылда не істейді?
6. Сен жазғы демалыста қайда барасың?
7. Жазғы демалыста не істейсің?

Жаттайық!

Шыққа жуып балағын
Жайлауда өскен баламын.
Қылқан селеу желбірер
Үкісіндей даланың.
Қадыр Мырза-Әлі



Мен ауылға, жайлауға барамын. Ауылда атам мен әжем бар. Мен атам мен әжемді жақсы көремін.

* селеу — шөп



? ! ? ! ? ! ? ! ? ! ? ! ?

10
САБАҚ

НӘТИЖЕ САБАҚ. МЕН НЕ ҮЙРЕНДІМ?

Жазылым

1-тапсырма. Сен демалыс күні қайда барасың? Не істейсің?
Суреттерге қара, сөйлем құрап жаз.

Мен демалыс күні ... барамын/бармаймын



і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і ъ і



 **Айтылым**

2-тапсырма. «Жылдам жауап» ойыны

4—5-тен топқа бөлініңдер. Топ ішінен жетекші сайлаңдар. Жетекші ортаға тұрсын. Оны қоршап, шеңбер құрыңдар. Жетекші: «Кеше не істедің?» немесе «Ертең не істейсің?» — деп сұрап, допты біреуіңе лақтырады. Допты алған оқушы жауап беріп, допты жетекшіге қайта лақтырады. Белгіленген 3 минуттың ішінде көп сұраққа дұрыс жауап берген топ жеңіске жетеді.











Ескерту: жетекші сайлау үшін топтағы балалар кезектесе отырып, он беске дейін тез-тез санауы керек. Он бесті атаған оқушы жетекші болады.

Білгенге маржан...

Мақал-мәтел
Жақсы нәрсе
көрмек үшін...



Оқулықта берілген ұғымдар мен тапсырмалардың орыс тіліндегі аудармасы

Ұғымдар мен тапсырма түрлері		Понятия и виды заданий
Айдарлар / Рубрики		
Жаңа сөздер		Новые слова
Дұрыс айт!		Произнеси правильно!
Кел, жаттығайық!		Рифмовки! (давай, повторим)
Есте сақта! (сөйлеу үлгілері)		Запомни! (образцы речи)
Жаттайық!		Выучим!
Білгенге маржан... (мақал-мәтел, нақыл, жұмбақ)		Слова-сокровища... (поговорки, афоризмы, загадки)
Шартты белгілер / Условные обозначения		
Тыңдалым бойынша тапсырмалар / Задания по аудированию		
Тыңда. Қайтала. Оқы.		Прослушай. Повтори. Прочитай.
Тыңда. Қайтала.		Прослушай. Повтори.
Оқылым бойынша тапсырмалар / Задания по чтению		
Оқы!		Прочитай!
Айтылым бойынша тапсырмалар / Задания по говорению		
Суретке қарап, сөйле		Расскажи по картинке
Жазылым бойынша тапсырмалар / Задания по письменной работе		
Сөздерді көшіріп жаз		Спиши слова
Тілдесім бойынша тапсырмалар / Задания по общению		
Жұптық жұмыс		Парная работа
Топтық жұмыс		Групповая работа

МАЗМҰНЫ

5. Тәні саудың жаны сау!

Оң қолымда — бес саусақ.....	3
Дене мүшелері	6
Әлібек, тісіңді тазала!.....	10
Әнелдің шашы ұзын	12
Менің көйлегім жаңа.....	15
Сен күртеше киесің бе?.....	19
Әлібек, жылы киін, ауырып қаласың!.....	23
Қыста қалай киінеміз?	26
Мен шырын ішемін	28
Сәбіз шырыны дәмді	32
Анардың пайдасы бар ма?	35
Мен салқын су ішемін.....	37
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	39

6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

Інім мультфильм көреді	40
Ертегі не туралы?.....	43
«Тігінші мен Ай».....	47
Қызық ертегі.....	50
«Наурызда» ән айтады	53
Әжемнің айраны тәтті.....	56
Ол домбыра тартады	58
Қошақаным сүйкімді.....	60
Ақ лағым бар	63

Менің мысығым ақ.....	66
Ақылды күшік.....	69
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	72

7. Қоршаған орта

Терезеде гүл тұр.....	74
Бұл — ненің суреті?.....	77
Ағаштың суретін саласың.....	80
Бұл — қандай гүл?.....	83
Маған бәйшешек ұнайды	86
Гүл сыйлаймын.....	88
Гүлге су құямыз.....	91
Бейсенбіде тауға шығамын.....	93
Бүгін — сәрсенбі ме?	97
Сенбі күні сабақ аз	101
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	104

8. Саяхат

Менің демалыс күнім.....	106
Жүр, Думанға барамыз	109
Мұхитаралды көреміз.....	113
Маған «Думан» ұнады.....	117
Алақай, демалысқа шығамын!	120
Сен қайда демаласың?	124
Саған саяхат ұнай ма?	127
Сен ауылда болдың ба?.....	129
Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	132

Оқу басылымы

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова,
А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, Б. Қ. Мукеева

Қазақ тілі. Балапан
Оқулық
2-бөлім

Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын
11 жылдық жалпы білім беретін мектептің
2-сыныбына арналған

Әдіскер Б. Қ. Мукеева
Редактор Г. Қ. Омарбекова
Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова, И. Гусева,
М. Дильманов, И. В. Киянова, Мирошников М.,
Е. Рагозина, В. Самаркина, А. Сейілханова, А. Склярова,
Н. Старчикова, С. Сывороткина, С. Телеуітова,
М. Харитоновна
Мұқаба әрленімі Д. Н. Буксикова
Техникалық редактор Д. К. Тынбаев
Беттеуші В. Самаркина, Д. Ф. Иманов

29.05.19 басылымға жіберілді. 60×90 1/8 форматы.
Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі. Офсетті қағаз.
Шартты баспа табағы 11,25
Қосымша таралымы 10000
«Реформа» ЖШС-нде басылған

«Көкжиек-Горизонт» ЖШС
050022, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Сейфуллин даңғылы, 597а,
тел. +7 (727) 220 76 60, +7 (727) 220 76 61
e-mail: info@kokziek-gorizont.com
www.kokziek-gorizont.com

Учебное издание

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова,
А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, Б. К. Мукеева

Қазақ тілі. Балапан
Учебник
Часть 2

Для 2 класса
11-летней общеобразовательной школы
с неказахским языком обучения

Методист Б. К. Мукеева
Редактор Г. К. Омарбекова
Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова, И. Гусева,
М. Дильманов, И. В. Киянова, Мирошников
М., Е. Рагозина, В. Самаркина, А. Сейлханова,
А. Склярова, Н. Старчикова, С. Сывороткина,
С. Телеутова, М. Харитоновна
Дизайн обложки Д. Н. Буксикова
Технический редактор Д. К. Тынбаев
Компьютерная верстка В. Самаркина, Д. Ф. Иманов

Подписано в печать 29.05.19. Формат 60×90 1/8
Печать офсетная. Гарнитура «DIN». Бумага офсетная
Усл. печ. л. 11,25
Дополнительный тираж 10000
Отпечатано в ТОО «Реформа»

ТОО «Көкжиек-Горизонт»
050022, Казахстан, Алматы,
пр. Сейфуллина, 597-А
тел: +7 (727) 220 76 60, +7 (727) 220 76 61
e-mail: info@kokziek-gorizont.com
www.kokziek-gorizont.com